

1) политическая перспектива казахстанского общества и его культурное развитие взаимосвязаны и взаимообусловлены;

2) характер политической системы и политических отношений зависит не только от соотношения политических сил, различных иных детерминирующих факторов в данный момент исторического времени, но и определяется историко-культурным наследием, теми ценностями, традициями, установками, образцами поведения, психо-эмоциональными предпочтениями, которые содержатся в культуре;

3) власть - это составная часть культуры. Следовательно, чтобы понять характер власти, ее отношение к прошлому, настоящему и будущему, материальным и духовным ценностям, в том числе собственности, свободе и правам человека, религиозным формам духовности и т.д., определить степень нравственной насыщенности и направленности в действиях власти, ее ценностные параметры и эффективность можно лишь, если политику измерять и "просвечивать" через "призму" культуры;

4) устойчивость политической системы Казахстана органично связана с сохранением полиэтнического культурного многообразия, которое не является разъединительным фактором, а выступает источником духовного обогащения жизни каждого человека и условием межнационального согласия и гражданского мира в обществе. Вхождение казахстанской культуры в мировое культурное сообщество в условиях глобализации предполагает выработку политических гарантий сохранения ее самобытности и актуальности.

Список использованной литературы:

1. Проблемы философии культуры. М. 1984. М., 1984. С. 11.
2. Дробизева Л.М. Социальные проблемы межнациональных отношений в постсоветской России. М., 2003.
3. Кочетков В.В. Психология межкультурных различий. М., 2002.
4. Сикевич З.В. Социология и психология национальных отношений. СПб.,
5. Ю. Гумилев Л.Н., Иванов К.П. Этнические процессы: два подхода к изучению // Социологические исследования. 1992. № 4. С.33.
6. Проблемы социальной стабильности в полиэтническом обществе. Алматы. 2010. С.20.

References:

1. Problemy filosofii kul'tury. M. 1984. M., 1984. S. 11.
2. Drobizheva L.M. Social'nye problemy mezhnacional'nyh otnoshenij v postsovetsoj Rossii. M., 2003.
3. Kochetkov V.V. Psihologiya mezhkul'turnyh razlichij. M., 2002.
4. Sikevich Z.V. Sociologiya i psihologiya nacional'nyh otnoshenij. SPb.,
5. YU. Gumilev L.N., Ivanov K.P. Etnicheskie processy: dva podhoda k izucheniyu // Sociologicheskie issledovaniya. 1992. № 4. S.ZZ.
6. Problemy social'noj stabil'nosti v polietnicheskom obshchestve. Almaty. 2010. S.20.

МРНТИ 04.61

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-8940.30>

М.О. Жұмағұлов¹

¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
«Әлеуметтану» мамандығының 3 курс докторанты
(Алматы қ., Қазақстан)

БІЛІМ БЕРУ – ЖАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАСЫН АРТТЫРУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Андатпа

Автор мақалада жастар арасында құқықтық білім берудің ролі мен маңыздылығы туралы кешенді зерттеулер қорытындыларымен таныстырады. Құқықтық ағарту ісінің жастардың құқықтық санасының жетілуінің шешуші факторы екендігіне дәлелдеме келтіреді. Саяси шешімдердің, сот төрелігінің, құқық қорғау органдарының қызметінің нәтижесі де құқықтық ағарту ісінің маңызды қадамы. Мақалада болашақ ұрпақ арасында құқықтық ағарту ісінің амалдары келтіріліп, әрқайсының

ролі айқындалады. Сонымен қатар, жастарды қолдау шешімдері мен құқықтық саясат бағыттарының қатар жүруі қажеттілігі нақтыланады. Қорытындыда, жастардың құқықтық санасын қалыптастыру ісін ұйымдастыру бойынша нақты жағдайлар сипатталады.

Түйін сөздер: құқықтық тәрбие, құқықтық сана, жастар, құқықтық ағарту, құқықтық саясат, құқықтық мәдениет жүйесі.

M.O. Zhumagulov¹

*¹Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
3 year doctoral candidate in the specialty "Sociology"
(Almaty, Kazakhstan)*

EDUCATION AS A FACTOR OF INCREASING LEGAL AWARENESS OF YOUNG PEOPLE

Abstract

In the article, the author introduces the results of comprehensive research on the role and significance of legal education among young people. Legal education is a key factor in improving the legal consciousness of young people. An important step in legal education is the result of political decisions, fair justice, and the activities of law enforcement agencies. The article presents approaches to legal education among future generations and defines the role of each of them. At the same time, attention is paid to the need to combine measures to support young people and directions of legal policy. The conclusion describes the specific conditions for organizing work on the formation of legal consciousness of young people.

Keywords: legal education, legal awareness, youth, legal education, legal policy, legal culture system.

M.O. Жумагулов¹

*¹Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
докторант 3 курса по специальности «Социология» (Алматы, Казахстан)*

ОБРАЗОВАНИЕ КАК ФАКТОР ПОВЫШЕНИЯ ПРАВОВОГО СОЗНАНИЯ МОЛОДЕЖИ

Аннотация

В статье автор знакомит с результатами комплексных исследований о роли и значимости правового образования среди молодежи. Правовое просвещение является ключевым фактором совершенствования правового сознания молодежи. Важным шагом в правовом просвещении является результат политических решений, справедливое правосудие, деятельность правоохранительных органов. В статье приводятся подходы к правовому просвещению среди будущих поколений, определяются роль каждого из них. Вместе с тем, уделено внимание необходимости совмещения мер поддержки молодежи и направлений правовой политики. В заключении описываются конкретные условия по организации работы по формированию правового сознания молодежи.

Ключевые слова: правовое воспитание, правосознание, молодежь, правовое просвещение, правовая политика, система правовой культуры.

Кіріспе

Жастар үлкен өмірге аяқ басар шақта көптеген мәселелерге тап болады. Бұл мәселелер көбіне заңға да қатысты. Жастар тап болатын кейбір қиындықтар қатарында – қанағаттандырылмаған негізгі қажеттіліктер, білім алудағы қиындықтар, ата-аналар тарапынан қолдаудың болмауы, маргиналды жастар әсері және т.с.с. бар.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында сөйлеген сөзінде жастардың мәселесі де айтылып, онда білім саласындағы олқылықтар да жастардың шешілуі тиіс мәселелеріне жатқызылды. «Дарынды жастардың шетелге кету мәселесіне ерекше назар аударған жөн. Мұның бірнеше себебі бар. Соның бірі – жоғары білім беру жүйесінің бәсекеге қабілетсіздігі..... Жоғары білімнің қолжетімділігі маңызды мәселе болып табылады» [1].

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері бойынша, 2019 жылы 14 пен 28 жас аралығындағы жастар саны 3 830 536 адамды құрады... 2014 жылдан бастап 2019 жылға дейін жастар санының 10,8% -ға төмендеуі байқалды [2; 96.]. Ұлттық баяндамадағы жастар арасындағы қылмыс деңгейінің бірқалыпты болуы да жастар арасында тек мектеп табалдырығында ғана емес, сонымен қатар жоғары оқу орындарында құқықтық білім беру ісін жалғастыру ісінің қажеттігі айқындалуда.

Жастардың құқықтық мәдениетін сипаттау кезінде жастар ортасында қалыптасқан құқықтық сананың деңгейі шешуші мәнге ие. Жастардың құқықтық білімі қоғам мен мемлекеттің, сондай-ақ өз құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына сенімді тұлғаның даму болашағын анықтайды.

Зерттеу нысанына айналған әлеуметтік-демографиялық топтың құқықтық санасы жас ерекшелігімен, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жағдайларымен, сондай-ақ жастардың рухани әлемі қалыптасу шағында болумен байланысты ерекше әлеуметтік және психологиялық қасиеттерге ие.

Жастар арасында жүргізілген көптеген эмпирикалық зерттеулер нәтижесінде мынадай қорытындылар жасалды:

1. Зерттеуге қатысқан жастардың көп бөлігі өздерінің құқықтарын білмейді немесе білуге құлшылық танытпайды;
2. Жастардың өз құқықтарын жеткіліксіз білуі, оларға қарсы құқық бұзушылық жасалған шақта оған қажетті бағасын беруге кедергі келтірді;
3. Жастар өз бұзылған құқықтарын қалыпна келтіру туралы ақпаратты алатын мемлекеттік немесе бейресми органдар туралы білмейді;
4. Жастар өздеріне қарсы жасалған құқық бұзушылық және одан шығудың жолдарын ғаламтордан іздейді;
5. Кәсіби мамандарға сенімісіздік артқан жастар өз мәселелері туралы ғаламтордағы бейтаныс адамдармен бөліседі.

Осы қорытындыларды талдай келе эксперт-мамандар (көбіне заң мамандары) саясаткерлерге (ел басқаруға немесе маңызды шешім қабылдауға қатысатын саяси қызметкерлер) мынадай кеңес қалдырды:

1. Азаматтық құқықтар туралы, әділ сот төрелігі туралы және құқықтық процестердің ролі туралы жеткіліксіз ақпарат алған жастар үшін құқықтық білім беруді нығайту мен кеңейтудің қажеттілігі туындауда.
2. Жастарға көмек алу үшін өздері тектес жастар тобынан тұратын мемлекеттік-қоғамдық орталықтардың онлайн жұмысын жолға қою;
3. Білім беру және қолдау көрсету арқылы жастар арасында қарым-қатынас дағдыларын жақсарту, әр түрлі іс-шараларды әзірлеу бойынша жоспар құру қажеттілігі;
4. Жастардың талпыныстары мен ізденістерін қолдау үшін грантқа қол жеткізу мүмкіндіктерін арттыру, әлеуметтік маңызды жобалардағы жеңісі үшін топтық грант бөлу мәселесін қарастыру және т.с.с.

Негізгі бөлім

Қазақстан қоғамының әлеуметтік бөлінісінің шиеленісуі, кедейшілік пен жұмыссыздықтың өсуі, құндылықтардағы қайшылықтар, заң күшіне сенбеушілік – осының бәрі жастардың құқықтық санасын осалдауда және оның қалыптасуына әсер етуде.

Жастардың құқықтық санасының деформациялануы өскелең ұрпақты құқықтық тәрбилеудегі қателіктердің, олқылықтардың және кемшіліктердің нәтижесі болып табылады. Өскелең ұрпақты тәрбилеудің негізі адамдарды жеке алынған кез келген азаматтың құқықтары саласында сөз бостандығы туралы, таңдау құқығы туралы, тұлғаның құқықтары мен бостандықтарының негізділігі туралы білім беру, ағарту жұмыстарын жүргізу.

Қазіргі қазақстандық жастардың құқықтық мәдениетінің жағдайына жойқын әсер ететін құқықтық сананың қауіпті деформациялануының формасы – құқықтық нигилизм деп аталады. «Нигилизм – адамзат жасаған қоғамдық құндылықтарды, нормаларды, қағидаларды, дәстүрлерді жоққа шығару, толық түрдегі күдікшілдік [3; 502 б.]

Құқықтық нигилизм қоғамдағы әлеуметтік құндылық ретінде танылған құқықты жоққа шығару ғана емес, сонымен қатар оны құрметтемеу, мемлекеттік билік органдары мен құқық қорғау органдарының қызметіне теріс қарым қатынасты білдіреді.

Қазақстандық жастардың құқықтық білімін, сауаттылығын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2010-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданып, онда «Құқықтық саясаттың құрамдас бөлігі ғылыми және білім беру қызметін құқықтық реттеу болып табылады, ол елдің индустриялық-инновациялық дамуын қамтамасыз етудің, оның зияткерлік әлеуетін арттырудың маңызды шарты болып табылады», делінген [4].

Құқықтық тәрбие - өскелең ұрпақтың құқықтық санасын қалыптастырудың маңызды құралы ретінде қабылдануы тиіс. Құқықтық тәрбие тұлғаның дамуына терең мағыналы, ұйымдастырушылық жағынан, үйлестіріліген мақсатты ықпал ету үшін, адамгершілік, саяси, эстетикалық және әлеуметтік тәрбиенің барлық басқа да түрлерімен жан-жақты байланыста және өзара әрекеттестікте болуы қажет.

Осыған байланысты құқықтық білім беру мәселелерін теориялық, құқықтық және тәжірибелік жолмен шешу, білім беру стандарттары мен білім беру институттарының жұмыс істеуінің нақты сипаты арасындағы диссонансты еңсеру құқықтың беделін көтеруге және жастардың Заңға деген құрметін тәрбиелеуге, азаматтық және құқықтық белсенділікті дамыту үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді. Осылайша, жастардың құқықтық санасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Жастардың құқықтық санасын тәрбиелеу қоғамның, адамның мәдениетін арттыру, олардың шынайы бостандығына, қадір-қасиетіне, әділдігіне ие болу үдерісі болып табылады. Шын мәнінде, кез-келген тәрбие (құқықтық, еңбек, эстетикалық және т.б.) адамгершілік компонентті қамтуы тиіс.

Адамгершілік тәрбие – тәрбие жұмысының өзекті бағыты болып табылады. Ол құқықтық норманы терең меңгеруге, оған дұрыс қарым-қатынас жасауға ықпал етеді, адамгершілік мінез-құлық шегін анықтауға және түсінуге мүмкіндік береді.

Адамгершілік және құқықтық сананың өзара әрекеттесуі жеке тұлғаны тәрбиелеу ісінде адамгершілік-құқықтық амалдардың қажеттігін байқатады. Осыдан жастардың жаңа тұрақты көзқарастары мен құндылықтарын қалыптастыру жұмысы ұзақ әрі күрделі екендігін көзіміз жетеді. Өйткені, құқықтық сана қоғамдық дамудың объективті қажеттіліктерін және құқық субъектілерін құқықтық ағарту мен тәрбиелеу жөніндегі мақсатты қызметті күрделі ұштастыру нәтижесінде қалыптасады.

Құқықтық тәрбие мен білім берудің маңыздылығы туралы И.А. Ильин былай деген: «Өз елінің «заңдарын» білмейтін халық құқықтан тыс өмір сүреді немесе қолдан жасалған және тұрақсыз құқық тұжырымдаларына риза болады. Өз міндеттерін білмейтін адамдар, оларды орындай да алмайды» [5; 23-24бб.]

Құқықтық тәрбие, құқықтық ағарту – бұл өте ауқымды және алуан түрлі үдеріс, оның мазмұны құқықтық ағарту және құқық негіздері бойынша дәріс беру, сонымен қатар құқықтық сана мен құқықтық мінез-құлықты қалыптастыруға байланысты айқындалады.

Жастарды құқықтық тәрбиелеу жас ұрпақтың құқықтық нормалардың негізгі қағидалары мен бағыттылығын меңгеруден, құқықтық бағытты дұрыс таңдауынан, заңдарды жақсы білуден тұрады, сонымен қатар заңды сақтауға, оны құрметтеуге жеке басының қасиетіне байланысты.

Құқықтық тәрбие міндетін іске асыруда жақсы нәтижеге қол жеткізудің бірнеше амалдары бар. Бірінші амал ретінде – құқықтық насихатты айту керек. Ол үгіт құралдары арқылы белгілі бір құқықтық идеялар мен құндылықтарды таратуды білдіреді. Жастарға ең әсерлі үгіт-насихат жүргізу құралдары ретінде радио, телевидение және ғаламтордағы әлеуметтік желілерді атауға болады. Бұл құралдар арқылы жастарға құқықтық білім беруге болады. Олар жастардың көп бөлігін жаппай қамтуға мүмкіндігі мол. Бұқаралық ақпарат құралдарында құқықтық насихат жастардың құқықтық санасын қалыптастырудың тиімді құралдарының бірі болып табылады. Әрине бұл жерде БАҚ мазмұны мемлекеттің, қоғамның және жеке тұлғаның қажеттіліктеріне неғұрлым толық сәйкес келуі тиіс.

Жастар құқықтық санасын дамытудың екінші амалы – ол құқықтық тәжірибе. Бұл әдіс сот, прокуратура, құқық қорғау органдарының құқықтық тәжірибесінің нақты және әділ сипатын білдіреді. Соның арқасында ғана жас азаматтар құқық нормаларды сақтауға бет бұруы мүмкін.

Үшінші тәсіл – бұл жасөспірімнің өзін-өзі тәрбиелеуі. Ол тұлғаның құқықтың негізгі қағидаларын саналы және ерікті түрде меңгеруіне байланысты.

Төртінші – жоғарыда аталған және ғылыми жұмыстың пәніне айналған – құқықтық білім беру. Құқықтық ағарту – бұл барлық тәрбие үдерісінің құрамдас бөлігі, оның мақсаты әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Құқықтық мәдениетті қалыптастыру әлеуметтік маңызы бар ақпаратты тарату арқылы жүзеге асырылатындығын да айта кету керек. Осы көзқарас тұрғысынан қазіргі қазақстандық жастар ортасында коммуникацияның кең тараған құралы ретінде ғаламдық желінің негізгі функцияларын зерттеу маңызды мәнге ие болады. Ғаламтордың әлеуметтік ролінің нығаюы жас ұрпақтың әлеуметтену үдерісінде дисфункциялардың пайда болуына себепші болады. Себебі, ғаламтор арқылы шексіз ақпарат алған жасөспірім оны өндеуге қажетті біліммен қаруланбаған.

Ғаламтордың шексіз мүмкіндіктерін құқықтық сананың жетілуі мақсатында пайдалану үшін әлеуметтік желіде қоғамдық маңызды ақпаратты дұрыс жеткізудің технологияларын жетілдіру қажет. Сонымен қатар, ғаламтор арқылы келетін ақпараттың сүзгіден өтілуін қадалаған да дұрыс.

Қорытынды

Қорытындылай келе, құқықтық ағарту - құқықтық сана мен құқықтық жауапкершілікті қалыптастыруға арналған күрделі тәрбие үдерісі екендігін атап кету қажет. Құқықтық ағарту жұмыстарының нысандары мен әдістері көбіне жастарға қажетті білімнің нақты мақсаттарына, мазмұны мен көлеміне, тәрбие жүргізілетін жағдайларға, оған кеткен уақытқа байланысты.

Құқықтық ағарту жұмыстарын жоспарлаған кезде жастардың үнемі өзгертін әлеуметтік топ екендігін ескеріп, олардың құқықтық тәжірибесі мен дағдыларына сүйену керек. Осыған байланысты келесідей тұжырым жасауға болады.

1) Жастардың дамыған құқықтық санасын қалыптастыру мақсатында мектептер мен жоғары оқу орындарында құқықтық білімнің сапасын арттыру қажет, өйткені құқықтық мәдениет құндылықтарын тарату бірнеше арналар бойынша жүргізіледі. Олардың ішінде құқықтық білімнің алатын орны ерекше.

2) Құқықтық білім беру барысында әлемнің дамыған елдерінде кең етек жайған тәжірибелік құқық технологиясын қолға алу. Теориялық құқықтық білімді тәжірибеде қолданудың жолдарын көрсету. Болашақ мамандардың қоғамдық өмірге дайындығын нығайту үшін, оларды тәжірибелік біліммен қаруландыру.

3) Оқу үдерісінде нақты бағалау тәсілі арқылы, жастардың құқықтық санасын және мінез-құлқын қалыптастыру деңгейін анықтау.

Құқықтық ағартудың нәтижелері барлық тәрбие үдерісінің жоспарына, мақсатты, кешенді жүргізілуіне байланысты. Бүгінде жастардың құқықтық ағарту ісін ерекше жауапкершілікпен жүргізу – «Рухани жаңғыруға» бастар жол.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында сөйлеген сөзі, 27 мамыр 2020 жыл.
2. «Қазақстан жастары - 2019» Ұлттық баяндамасы. Национальный доклад «Молодежь Казахстана - 2019». «National report Youth of Kazakhstan – 2019». Ойшыбаев К.Б., Қайдарова А.С., Каримова Ж.К., Әшімханова Д.Ә., Батталова Ж.С., Родионов А.Н., Ким Е.М., Жампеисов Д.А., Шаповал Ю.В., Касымбеков А.М. // «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы, 2019 ж. – 278 б.
3. Барихин А.Б. Большая юридическая энциклопедия. (Серия «Профессиональные справочники и энциклопедии») – М.: Книжный мир, 2010. – 960 с.
4. Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2010-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы
5. Ильин И. А. О сущности правосознания. /Подготовка текста и вступительная статья И. Н. Смирнова. — М.: «Рарог», 1993. — 235 с.

References:

1. Memleket basshysy Qasym-Zhomart Toqayevtyñ Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында сөйлеген сөзі, 27 мамыр 2020 жыл.
2. «Қазақстан жастары - 2019» Ұлттық баяндамасы. Nacional'nyj doklad «Molodezh' Kazahstana - 2019». «National report Youth of Kazakhstan – 2019». Ojshybaev K.B., Qajdarova A.S., Karimova ZH.K., Әshimhanova D.E., Battalova ZH.S., Rodionov A.N., Kim E.M., ZHampeisov D.A., SHapoval YU.V., Kasyzbekov A.M. // «ZHastar» ғылыми-зерттеу орталығы, 2019 ж. – 278 б.
3. Barihin A.B. Bol'shaya yuridicheskaya enciklopediya. (Seriya «Professional'nye spravochniki i enciklopedii») – М.: Knizhnyj mir, 2010. – 960 s.
4. Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2010-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы
5. Il'in I. A. O sushchnosti pravosoznaniya. /Podgotovka teksta i vstupil'nyaya stat'ya I. N. Smirnova. — М.: «Rarog», 1993. — 235 s